

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойғал

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 сәуірде № 4446 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 15.05.2015 № 3 шешімімен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына, 50-бабың 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Ертіс өзенінде су деңгейі табиғи көтерілуінен тұрғын үйлерді басуына байланысты, Ақсу қаласының әкімі **ШЕШІМ** қабылдайды:

1. Ақсу қаласында, Ақсу кентінде табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын .
2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою комиссиясының басшысы болып Ақсу қаласы әкімінің орынбасары Қ.З Арынов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

Қала әкімі

Қ. Нүкенов